

11. The article “С 1 апреля повысятся пенсии, соцвыплаты и стипендии студентам” 14 февраля 2014, 13:50 www.zakon.kz
12. The article “Что говорил о новом курсе главный банкир Казахстана К. Келимбетов” 11 февраля 2014, 12:48 www.zakon.kz
13. The article “Новый обменный курс тенге. Что теперь будет дальше? – Мнения известных экспертов” www.zakon.kz
14. The article “Девальвация положительно повлияет на дальнейший рост экономики Казахстана” www.zakon.kz
15. The article “Мнения экспертов по курсу тенге в Казахстане” www.zakon.kz
16. The article “Кайрат Келимбетов Разумной альтернативы девальвации не было” www.zakon.kz
17. The article “Митингующие в Алматы требуют отставки главы Нацбанка” www.zakon.kz
18. The article “Келимбетов узнал о подорожании доллара этой ночью” www.tengrinews.kz
19. The article “Келимбетов ответил "Огоньку" на вопросы о девальвации тенге” www.tengrinews.kz
20. The article “Обесценивание тенге связано с провалом индустриально-инновационной программы - Досым Сатпаев” www.tengrinews.kz
21. The article “Не скупать муку мешками призвал казахстанцев Президент” www.tengrinews.kz
22. The article “Назарбаев. Решение о девальвации не должно негативно сказаться на казахстанцах” www.tengrinews.kz
23. The article “35 человек оштрафовали после митингов в Алматы” www.tengrinews.kz
24. The article “Изменение курса тенге - следствие влияния процессов, которые происходят в мировой экономике - Б.Султанов АСТАНА.” 11 февраля 2014, 15:29. www.BNews.kz
25. The article “К.Келимбетов: Проведение одномоментной корректировки - это вопрос честный и справедливый” www.BNews.kz
26. The article “Важно следить за ценами и пресекать спекуляцию – Н.Назарбаев” www.BNews.kz
27. The article “К Келимбетов. Повторной девальвации не будет” www.BNews.kz
28. The article “Казцинк гарантирует повышение зарплаты – Н.Попович” www.BNews.kz

ҚИССА ЖАНРЫ МЕН ҚИССАШЫЛ АҚЫНДАР ТУРАЛЫ

Құралай Бекмағамбетқызы, С.Демирел университетінің магистранты

Резюме. В статье рассматриваются восточные мотивы в казахских дастанах и их казахских версии.

Summary. This article reconsiders different of eastern themes in Kazakh literary studies.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болған жағдайында тарихты білу, адамзат баласы жинақтаған бай тәжірибені игеру – жаңа ұрпақтарға білім беру мен тәрбиелеуде, олардың белсенді өмірлік айқындамасын қалыптастыруда мейлінше маңызды. Тарихи бастауларға, ауызша һәм жазбаша әдеби мұраларға, өткен игі кісілердің өсиетіне қаншама терең үңілсек, қоғамдағы қазіргі жағдайды соғырлұм жақсы түсінетін, білетін боламыз.

Әрине, әр ұлттың жазба мұралары мен әдебиет тарихы алыс ғасырлар қойнауына енген сайын, ол барынша құнды болып, барша адамзат баласының ортақ қазынасына айналады. Осы тұрғыдан алғанда түркі халықтарының әдебиеті бірнеше ғасырлар үлесінде жатқаны белгілі. Түркілер бастарынан өткенін кейінгі ұрпаққа аңыз-әпсана ретінде жеткізіп, одан бері де мәңгі өшпестей етіп тас-жартастарға ойып жазып отырды. Олар (түркілер) тарих сахнасына көтерілгені

бері, көрші жатқан Шығыстағы көне қытай, монғол және парсы тілдес халықтармен қарым-қатынас орнатып, мәдени һәм әдеби байланыстар жасады. Сондай мәдени тоғысулардың арқасында түркі даласында өшпестей болып тарих, ұмытылмастай болып мәдениет пен әдебиет қалды [1, 4 б.]. Қазақ әдебиеті мен шығыс әдебиеті арасындағы байланыс жайында зерттеулер бар, арнайы еңбектерде де біршама сөз болған. Қазақ халқына шығыс әдебиеті мұраларының неше түрлі жолмен келгені белгілі жай. Шығыс мұралары қазақ даласына әртүрлі жолмен келіп жатты. Біріншіден, олар халықтардың күнделікті қарым-қатынастары арқылы ауызша жетті. Екіншіден, бұлар қолжазба түрінде таралды [2, 6 б.].

Көпшілік ғалымдардың пікірі бойынша, қазақ арасына әуелі аңыз, әңгіме түрінде тараған шығыс әдебиетінің орта ғасырдағы классикалық ескерткіші арабтардың әйгілі «Мың бір түн» атты ертегілер жинағы болып табылады. Бұл жинақ үш жүздей аңыз, әңгімелерден тұрады. Неміс ғалымы Е.Литманн «Мың бір түн» әңгімелерінің кейбір жұқаналарын Италияға араб елдерінде саяхатта болған Еуропа жиһанкездері әкеліп таратқанын айтады. Алайда өзге зерттеушілер көп ретте «Мың бір түн» ертегілері Еуропа жұртшылығына тек XVII ғасырда ғана мәлім болғанын ескертеді де, француз саяқатшысы Жан Антуан Галланың «Мың бір түн» ертегілерін бірінші реті тәржімалап Еуропа жұртшылығына таныстырған адам екенін айтады. Араб елдерінде француз елшісінің хатшысы қызметін атқара жүріп, Галлан ел арасына кең тараған ертегі, аңыз әңгімелерге назар аударады. Францияға қайтып оралған соң жазып алған ертегілерін француз тіліне аударып 1717 жылы 12 том етіп бастырып шығарады. Сөйтіп Еуропа жұртшылығы «Мың бір түн» ертегілерімен танысқан, - дейді белгілі шығыстанушы, арабист ғалым Ә.Дербісалиев [3, 191 б.]

Орта Азия халықтары арқылы шығыс әдебиетінің қазақ әдебиетіне жасаған ықпал-әсері ғасырлар бойы үзілген емес. Фирдауси, Низами, Физули, Жәми, Науаи, Хафиз т.б. шығармалары арқылы келген, немесе араб, парсы, үнді аңыз-ертегілерінен келген «Мың бір түн», «Шаһ-наме», «Тоты-наме», «Ләйлі-Мәжнүн», «Тахир-Зухра», «Жүсіп-Зылыха», «Сейфүлмәлік», «Атымтай-Жомарт», «Мұңлық-Зарлық», «Бозжігіт», «Шәкір-Шәкірат» сияқты толып жатқан лиро-эпикалық ғашықтық дастандар, аңыз, ертегі, хикаялар қазақ топырағында қайта түлеп, жаңарып қазақ халқының бай ауыз әдебиетімен қосылып жана бір арна тапты [4, 173 б.].

Қазақ әдебиетіне шығыс әдебиетінен келген сюжеттердің тарау кезеңі және олардың «қисса», «дастан», «хикая» аталуы жөнінде көптеген пікірлер бар. Мысалы: «Қазақ арасына шығыс әдебиетінен келген ғашықтық, эпикалық, батырлық сияттағы әңгіме-өлең, поэма-дастандар «қисса» деген атпен басылып тарады. Бұл кітап бастыру жұмысының жандана бастаған кезеңі XIX ғасырдың бас кезінде кең өріс алды. Сөз жоқ, қиссалар қазақ әдебиетінің тақырыптық, сюжеттік арнасын кеңейтіп, оны шығыс әдебиетінің үлгілерімен толықтыру ісіне себін тигізді [5].

Осы шығыстан келген сюжеттердің «қисса», «дастан», «хикая» деп аталуының өз себептері баршылық. Қазан төңкерісіне дейін қазақ әдебиеті шығармаларында жыр, өлең, қисса, дастан, хикая деген терминдер жиі қолданылады. Мұндағы жыр, өлең дегендер әріден келе жатқан атаулар да, қисса, дастан, хикая кейін, араб, парсы тілдерінен ауысып келген сөздер. Қисса, дастан, хикая сөздері Орта Азия халықтары (тәжік, өзбек) тілінде көптеген әдеби термин ретінде қалыптасқан. Тәжік, өзбек, түркмен тілдерінде поэманы, эпосты, дастан, қысқа әңгіме мен новелла сияқты шығарманы хикая, дастан айтушыны дастанчи деп атайды. Дастан, хикая, қисса сөздерінің парсы тілінде де әдеби терминдік мәні бар. Қазақ арасында қисса сөзі басқаша мағынада сіңіскен. Қазақтар көлемді кең шығармаларды, әсіресе, шығыс тақырыбына жазылған аңыз, әңгімелерді ғана қисса деп атаған. Бұл жайында А.В.Васильев: «қырғыздар (қазақтар) ерлік істі баяндайтын ұзақ өлеңді арабтың қисса деген сөзімен атайды, бұл - әңгімелеу, баяндау деген ұғымды білдіреді», - деп көрсеткенді. Қисса мен қазақ эпосын бір деп қарауға болмайды. Кітаби ақындар жазған өлеңдер мен қиссалар халықтың ауыз әдебиеті шығармаларынан кейін туған [6, 292 б.].

Қазақ қиссалары – ежелгі жазба әдебиет пен ауыз әдебиетінің дәстүрін қатар жалғастырған жанр [7, 77–78 б.]. XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінен сөз қозғаған ғалымдарымыз кітаби ақындар туралы айтпай өте алмаған. Қазақ әдебиеті тарихының XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы фольклор тарауында Н.С.Смирнованың кітаби ақындар туралы пікірлер беріледі. Түрік халықтарының өзара байланысын, әдебиеттегі рухани сабақтастықты көптеп

зерттеген ғалым Р.Бердібай да кітаби ақындар туралы өз пікірін былай білдіреді: «... тамаша нақыл насихаттың шыншыл әлеуметтік шақырулардың адам мінезін түзеу ниетімен туған ғажап ғазалдардың дәмді дастандардың авторы – кеменгер ақын Майлы, кезінде ондаған кітап шығарған, көп өнерпаз қауымға ақылшы аға болған шайыр Шәді, реалистік жазба мәдениеті биік жырларымен күллі қазақ көлеміне танылған Молда Мұса, шығыс шығармаларын өлкесіне таратқан Ораз Молда, дүлдүл өлеңмен алдына жан салмаған Базар жырау, кезінде Жамбылдың пір тұтқан ақындарының бірі – Құлыншақ, дастан дегеніңізді десте-дестесімен таратқан Нұралы, Фирдаусидың өшпес дастанын қысқа мерзімде қазақшаға түсірген Тұрмағанбет, тартымды термелердің жүйрігі Шораяқтың Омары, артына ақындық дәстүр, ұмытылмас үлгі қалдырған сыр бойының қос Жүсібі, әрі батыр, әрі ақын Мәделі, өмірде де, өнерде де, сері Ақберді, қазақ даласын қиссамен қамтамасыз еткен Жүсіпбек тұлғалары тізіледі» [8, 128 б.].

Кітаби ақындардың шығармалары фольклордың бір түрі. Шығыс сюжеттеріне құрылған дастандар қазақ халық ауыз әдебиетінің бай саласына айналғанын атап өткен ғалым Б.Әзібаева осы бағытта әсіресе Жүсіпбек Шайхисламов, Шәді Жәңгіров, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Нұралы Нысанбайұлы, Нұржан Наушабаев, Тұрмағанбет Ізтілеуов, Ақылбек бин Сабал, Мәулекей Юмачиков, Ақыт Қарымсақов, А.Оразбаев, тағы басқа кітаби ақындардың жемісті еңбегін орынды атап өтеді. Қазақ ғалымдары әсіресе тәуелсіздік алғаннан кейін бұрын зерттелуіне шектеу қойылған тақырыптарды ерекше мұқияттылықпен зерделеуге, мән-жайын анықтауға кірісті. Бұл бағытта кейбір жекелеген кітаби ақындардың шығармашылығы зерттеу нысанына айналды. Шәді Жәңгірұлы шығармашылығын сөз еткен М.Келімбетов, Қаратау шайырлары – Майлықожа, Мәделі қожа, Мұсабаек Байзақұлы, Құлыншақ шығармашылықтарының халыққа танылуына күш салған ғалым Ә.Оспанұлы еңбектері бұған дәлел. Н.Нысанбайұлы, Әбубәкір Кердері, Ақмолла шығармашылықтары туралы кандидаттық және магистрлік диссертациялар қорғалды.

Кітаби ақындар шығармашылықтарының ерекшеліктеріне кеңірек тоқталып сол асылдарды халық кәдесіне жаратуға күш салған ғалым Б.Кенжебаев екені қазақ әдебиетінің тарихынан белгілі. Кітаби ақындар деп танылып кеткен ақындарды ғалым: «олар жаңаны (жаңа идеяны) ағартушылық идеясын жақтады», - деген пікір айтады және сол пікіріне орнықты дәлелдер келтіреді. «Ағартушы ақын-жазушылардың негізгі шығармалары заман, халық, дүние-тірлік, халықтың тұрмыстық, әлеуметтік хал-жайы, мұң-тілегі туралы» [9, 27 б.], - деп жазады ғалым бұл ақындар жөнінде.

Бірақ, Б.Кенжебаевтың еңбектерімен таныса отырып, оның «кітаби ақын» деген атауға көңілі толмайтынын байқауға болады немесе сондай әсер оянады. Бұл ақындарды төл әдебиеттен бөлектеп келе жатқан осы атау екенін терең бағамдаған ғалым, бұл топтағы ақындарды «ағартушы ақын жазушылар» деп атауды ұсынады. Ақындардың діни мектеп, медреселерде білім алғанын, дүниетанымы осы тұрғыдан болатынын айта келіп: «... адамгершілікті, оятушылықты, ағартушылықты ұран етті, феодалдық тәртіпке діни қараңғылыққа, надандыққа, ескі оқуға Хадимге қарсы шықты. Аты оқуды, халықты әйтеуір оқытуды оятуды арман етті. Замандарындағы жақсыны, жаңаны жақтады, солар үшін күресті, еңбек етті. Нағыз мағынасында гуманист, ағартушы болды деп жазды ол. [9]

Ақындардың шығыстың терең білім бұлағымен сусындаған мол қазынасы барлығын М.О.Әуезов те еңбектерінде атап өткен. [3]Сонымен қатар сыншы ғалым М.Қаратаев кітаби ақындар деп аталатын, шығыс поэзиясының мектебінен оқыған бір топ шайырлардың ұстазы, атақты поэмаларымен өзбек, түрікмен, қарақалпақ елдерінің сүйікті ақынына айналған ақын Шәді Жәңгіров дегенінде, жалпы қазақ әдебиетінде кітаби ақындық мектеп қалыптастырған ірі ұстаз ақындар барлығынан хабар береді. [5] Шәді, Жүсіпбек, Майлықожа, Ақылбек, Майлықожа сынды сөз өнері майталмандарының ақындық мектебінен көптеген шәкірттер тәрбиеленіп шықты. Олар қазақтың ежелгі жазба әдеби үрдісін жақсы білетін, мифтік сюжеттер мен шығыс хикаяларын, мәселен, «Қисса Жүсіп», «Мың бір түн», «Тотынама», «Шаһнама», «Сейфүлмәлік Бәдіғұлжамал» сияқты туынды оқиғаларын жаттап өскен ақындар. Кітаби ақындардың есімі М.Әуезовтың, Б.Кенжебаевтың С.Мұқановтың, Ш.Сәтбаеваның, Р.Бердібайдың, Ы.Дүйсенбаевтың, Ө.Күмісбаевтың, А.Қыраубаеваның, Б.Әзібаеваның еңбектерінде аталып, әдеби құндылықтарына баға берілген.

Шәкәрім шығыс әдебиетімен таныс болып қана қоймай, оның идеялық-көркемдік жағынан озық үлгілерін қабылдағандығы шығармашылық тәжірибесінен танылады. Құдайдың бірлігіне, пайғамбардың хақтығына күмән келтірмеген Шәкәрімнің шығыс әдебиеті мен ислам дінін өзі толғаған өлеңдерінің негізгі арқауы етіп алғанын пайымдауға болады. Шәкәрім шығармаларының негізгі лейтмотиві қазақ халқына имандылық жолын таныту деп түсінсек, түптеп келгенде, мұның өзі Құран Кәрім мен Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбардың қасиетті хадистерінің негізінде жасалғанын ешкім де жоққа шығара алмайды. Демек, біз данышпан ақынның ақиқат жолындағы таным-түсініктерінің негізінде жатқан ортақ тағылымды екі әдебиет арасындағы сабақтастық, байланыс деп түсінеміз. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің шығыс әдебиетімен байланысы нақты құбылыс. Бұл уақытқа дейінгі қазақ пен жалпы шығыс халықтарының әдеби байланысының аражігін айыру қиындық туғызады. Себебі, шығыстан келген әдеби дүниелер қазақтың байырғы құндылықтарымен әбден сіңісіп кеткен. Ал аталған кезеңдегі шығармалардың кімдікі, қашан жазылғандығы, қайдан келгендігі белгілі. Олардың көпшілігі баспа бетінде жарық көргені де бар. Тамыры терең қазақ халқының әдебиеті мен мәдениеті, дәстүрі мен дүниетанымы шығыс елдерінің, соның ішінде араб, парсы және түрік жұртының рухани мәдениетімен де өзара байланыста сабақтасып жатқандығы тарихтан белгілі. Қазақ пен шығыс халықтарының өмір сүру дәстүрі, тіршілігі мен табиғаты және көркем әдебиетінің қалыптасуы көшпенділік дүниетаным негізінде өріліп, әрі бір-бірімен тамырласа, тармақтаса отырып өзінідік сипатқа ие болды. Осындай жақындық ел мен елдің мәдени байланыс жасауына игі әсерін тигізетіні шындық.

Әдебиеттер

- 1 Қыдыр Т. Орта ғасырдағы қазақ даласында ислами әдебиеттің тууы және қалыптасуы (XI-XII ғғ.). Филол.ғ.к. ғылыми дәрежесін ... дисс. авторефераты. – Алматы: 2005. 26 б.
- 2 Дастандар – Алматы: Жазушы. 1990. Т.І.
- 3 Дербісалиев Ә. Араб әдебиеті. – Алматы: Мектеп. 1982.
- 4 Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі. – А.: Ғылым. 1983.
- 5 Қазақ әдебиеті тарихы. – Алматы: Ғылым. 1964. I т., II кітап.
- 6 Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы: Ғылым. 1988.
- 7 Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп. 1988.
- 8 Бердібай Р. Гүлістанның бұлбұлдары. – Алматы: 1970.
- 9 Кенжебаев Б. XX ғасырдың басындағы әдебиет. – Алматы: Білім. 1993. - 248 б.